

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

#### 4-сурет. «Бәйге» тапсырмасы

Қорыта айтатын болсақ, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – оқушының сөйлеу мәдениетін, жазу сауаттылығын дамытып, жетілдіреді, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектесетіні дау тудырмайды. Әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш. Тыныс белгілерін орынды қолданатын оқушы өзінің де, басқалардың да ойларын жазбаша және ауызекі түрде дұрыс баяндап беруіне жәрдемдеседі. Олай болса, пунктуация дұрыс жазудың ғана құралы емес, дұрыс оқудың да, дұрыс түсінудің де құралы екенін ескере отырып, тыныс белгілерін оқытудың әдістемесіне баса назар аударуымыз қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. – Алматы, 1940. – 28 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
3. Жапбаров А. Оқушылардың тыныс белгілерді дұрыс қою икемділігі мен дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Шымкент: «ИП Валиев» баспасы, 2011. – 249 б.
4. Қазіргі қазақ тілі: оқу құралы / Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым және т. б. – Алматы, 2005. – 535 б.

ӘӨЖ 811.512.122

### КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жакина А.

[zhakinaaizat@gmail.com](mailto:zhakinaaizat@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - С.С. Шоқабаева

Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыбына қатысты зерттеулер Т.Қордабаевтың еңбектерінен басталады. Ғалымның: «Синтаксистік күрделі единицалар туралы қазақ тілі білімінде күні бүгінге дейін айтылған бір ауыз да пікір жоқ. Қазақ лингвистикасы құрмалас сөйлемнен үлкен синтаксистік единицаны әзірше білмейді. Неге олай? Қазақ тілінің синтаксистік құрылысында бірнеше дербес сөйлемдердің, соның ішінде құрмалас сөйлемдердің де бірігуі арқылы берілетін пікір күрделілігі жоқ па? Жоқ, олай емес. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында ондай синтаксистік күрделі шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да жиі кездеседі. Бірақ олар осы уақытқа дейін зерттелген жоқ» [1, 191] деген пікірінен бастап Р.Сыздық, Б.Шалабай, М.Серғалиев сынды зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, қазақ тіл біліміндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметінің зерттелу жайын ретроспективті түрде зерделеу көркем шығарма тілі мен жазушы стилін талдау тұрғысынан да, қазақ тілінің дамыған ұлт тілі ретінде функционалды мүмкіндігін таныту тұрғысынан да аса маңызды.

Т. Қордабаев қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық ұғымына алғаш рет анықтама беріп қана қоймай, күрделі синтаксистік тұтастықтың белгілерін, құрмалас сөйлемнен айырмашылықтарын, жасалу тәсілдерін жіктеп көрсеткен. Ғалым қазақ тілінде күрделі синтаксистік тұтастықтың мынадай тәсілдер арқылы жасалатынын жазады:

1) Алдыңғы сөйлемде айтылған бір сөздің кейінгі сөйлемдерде есімдік түрінде қайталанып келуі;

2) Сөйлемдердің элепсис арқылы, яғни айтылуға тиісті сөздің я сөздердің кейінгі сөйлемдерде айтылмай түсіріліп қалуы;

3) Сөйлемдердің жалғаулықтар немесе жалғаулық мәніндегі сөздер арқылы байланысуы;

4) Мағыналары бір-біріне жақын, біртектес оқиғаны, көріністі баяндайтын сөйлемдер оқиға, көрініс бірліктеріне қарай байланысады;

5) Сөйлемдерді, тармақтарды бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа келтіруге септігін тигізетін тәсіл – синтаксистік параллелизм;

6) Қайталау тәсілі [1, 197-200].

Бұдан бөлек академик Р.Сыздық «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» еңбегінде Абай өлеңдеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдай отырып, күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін:

- күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір субъектімен қазықталуы;

- модальдық реңктің біркелкі болуы;

- ұйқастың морфологиялық тұлғасы бірдей етістіктерден немесе бірдей шақтық тұлғада жасалуы;

- тәуелдік жалғауы арқылы жасалуы;

- өлеңдегі негізгі ойдың күрделі синтаксистік тұтастықтардың алғашқы тармағында, қалған тармақтарының сол ойға қатысты бірыңғай конструкциялар түрінде берілуі сияқты тәсілдермен толықтырады [2, 43-47].

Ал ғалым Б. Шалабай күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілдеріне үстеу арқылы байланысу, сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы сияқты тәсілдерді қосады [3, 392]. Рәбиға Сыздық күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің байланысу тәсілдерінің біріне модальдық реңктің біркелкі болуын жатқызса, Б. Шалабай бұл тәсілдің тек автор сөзін ғана қамтитын күрделі синтаксистік тұтастықта болатынын, ал егер күрделі синтаксистік тұтастықта автор сөзінен бөлек ортақ төл сөз, кейіпкер сөзі қатысса, бұндай күрделі синтаксистік тұтастық бірдей модальдық реңк арқылы жасала алмайды деп тұжырымдайды. [3, 393].

Күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметіне қатысты тағы бір мәселе – күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымы. Академик М.Серғалиев «Синтаксистік зерттеулер» еңбегінде күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық-семантикалық бірлік ретінде бірнеше бөліктерден: алғашқы, ортаңғы және қорытушы сөйлемдерден тұратыны жазады. Әрбір бөліктің атқаратын қызметі мен өзіне тән ерекшеліктері бар. Барлық бөліктердің күрделі синтаксистік тұтастықта болуы немесе болмауы жазушы стиліне байланысты деп тұжырымдайды [4, 242].

Ғалым Б. Шалабай Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романына жасаған талдауында күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын әр бөліктің қандай мақсатта жұмсалғанын көрсетеді. Автордың күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық ерекшеліктерін қаншалықты шебер қолдана білгенін жазады: «Жазушы күрделі синтаксистік тұтастықтардың бірінші бөлігінде қысқа, тұжырымды түйін жасайды, оның өзі суреттеліп отырған жайға автор қатынасын білдірудің де жолы. Ал кейінгі бөліктерде оның мәнін саралай түседі» [3, 32]. Ғалым жазушының күрделі синтаксистік тұтастықтағы қорытушы бөлікті психологиялық портрет жасауда ұтымды пайдаланғанын, кіріспе немесе қорытушы бөліктерде астарлы сөздерді қолдану арқылы мәтіннің мысқылдық мәні күшейте түскендігін, сондай-ақ авторлық көзқарастың өзін қорытушы конструкциядан байқауға болатындығын жазады. Б. Шалабай Ғ. Мүсірепов стилінің ерекшелігі – әрбір оқиғаға, кейіпкердің іс-әрекетіне қорытынды жасап отыру болса, бұндай түйіндеулер жазушының күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық ерекшеліктерін шебер пайдалана білуінің арқасында жүзеге асқан деп тұжырымдайды. [3, 33-34].

М. Серағалиев абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың айырмашылығы туралы сөз қозғай отырып соңғысын стилистикалық-композициялық бірлікке жатқызған [4, 261]. Яғни, абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың сәйкес келуі немесе бір абзацтың бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықтан құралуы, бір абзацта бірнеше күрделі синтаксистік

тұтастықтың болуы да шығарманың стиліне байланысты. Ғалым осы байланысты Т. Ахтанов, М. Әуезов, О. Бөкей шығармаларын талдау арқылы көрсеткен.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметі күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу ерекшеліктері арқылы да жүзеге асады. Ғалым Б. Шалабай күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдер бір-бірімен іліктестік қатынаста және өзара тең дәрежеде немесе параллельді түрде байланысатынын жазады. Бұл байланыс түрлерінің атқаратын қызметтері әртүрлі болады: іліктестік қатынас бірінен-бірі туындайтын оқиғаларды сипаттау үшін жұмсалса, параллель сөйлемдер бірінің орнын бірі басып жатқан оқиғаларды сипаттау үшін жұмсалады. Атқаратын қызметіне сәйкес байланысудың аталған түрлерін шығармада қолдануға болады [3, 32].

Айталық, сөйлемдердің іліктестік қатынаста байланысуы арқылы көбінесе ғылыми стильдегі мәтіндер жазылса, публицистикалық стильде анафоралық қайталау қолданылады. Яғни, күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің байланысу тәсілін дұрыс таңдау автордың стилистикалық сауаттылығының көрсеткіші бола алады. Ғалым екі байланыс түрінің бір синтаксистік тұтастық құрамында бірдей қолданыла алатынын, бұндай қолданысты М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушылардан кездестіруге болатынын жазады [3, 395].

Жалпы қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін індете зерттеген ғалымдар ретінде Б.Шалабай мен Р.Сыздықты атауға болады. Б. Шалабай «Күрделі синтаксистік тұтастық – шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшелігіне тікелей қатысты сөйлеу бөлшегі» [3, 29] деген анықтама бере отырып, күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін былайша жіктейді:

- Күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемнен тыс жердегі байланыстардың сырын ашады;

- Күрделі құрылым ішіндегі синтаксистік қозғалыс суреткердің творчестволық ойының қалыптасу процесін көрсетеді;

- Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының көркем ойларын, идеялық бағытын шындыққа жақын ашуға болады;

- Күрделі синтаксистік тұтастық көркем шығармада бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір баяндау планынан басқасына өтуді ұйымдастырып отырады;

- Шығарманың сюжеттік өрбуін жүзеге асырады;

- Баяндаудың әртүрлі рең құбылыстарын бір-бірімен ауыстырып отырады;

- КСТ арқылы жазушының немесе кейіпкердің психологиялық көңіл-күйі ашылады;

- Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы белгілі бір оқиға тарамдай баяндалады;

- Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы кейіпкердің портреті жасалады;

- Күрделі синтаксистік тұтастық оқиғаның, автор ойының жалпы ағынын білдіріп қана қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын, модальдық қырларын және сол арқылы туатын ассоциацияларын қоса білдіреді [3, 395-396].

Академик Р.Сыздық «Сөз құдіреті» еңбегінде Ш.Мұртаза мен О. Бөкей шығармаларындағы күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдау арқылы мәтіннің тілдік-стильдік табиғатын танудың үлгілерін көрсетеді.

Ғалым Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романын талдай отырып, жазушының авторлық ремаркаларсыз бірнеше кейіпкерлерді қатарластыра, жарыстыра сөйлету арқылы күрделі синтаксистік тұтастық немесе ғалымның өз сөзімен айтқанда, «мағыналық-синтаксистік монолит» жасағандығын жазады. Р. Сыздық жазушының авторлық ремаркаларды қоспауының себебін романның тілдік сипатының ықшамдық, икемділік принциптеріне құралғандығымен байланыстырады [5, 74].

Р. Сыздық кейіпкер ойын беруде күрделі синтаксистік тұтастықтарды қаншалықты ұтымды пайдалануға болатындығын О.Бөкейдің «Қар қызы» повесіне жасаған талдауында көрсетеді. Ғалым шығармадағы синтаксистік тұтастықтардың баяндауыштары бірдей морфологиялық тұлғада жасалғандығына назар аударады, ырғақ пен ұйқастың жоқтығына қарамастан күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы морфологиялық тұлғасы бірдей

баяндауыштар арқылы шығармадағы ой-монологтар өлендегіше біртұтас сипат алатынын жазады.

Ғалым О. Бөкейдің айтылған ойдың экспрессиялық бояуын қалыңдату үшін төл сөздерде, авторлық баяндау сөздеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды жасауда қайталама тәсілін қолданғанына назар аударады. Осылайша қайталама тәсілді қолдану О.Бөкей стиліне тән екендігін анықтайды [5, 154-155].

Рәбиға Сыздық Абай өлеңдеріндегі күрделі синтаксистік тұтастықтарды талдағанда 11 буынды 4 тармақты шумақты өлеңдерін, 6 буынды 4 тармақты өлеңдерін, 7-8 буынды 4 тармақты өлеңдерін, 11 буынды 6 тармақты өлеңдерін, сегізаяқ өлеңдерін, шумақсыз өлеңдерін, шумақ элементі бар өлең типтерін жеке-жеке талдап, әр өлең түріне тән күрделі синтаксистік тұтастық жасау тәсілдерін көрсетеді. Талдау нәтижесінде күрделі синтаксистік тұтастық пен өлеңнің сыртқы пішіні, ұйқастың түрі, буын мен тармақ санының арасындағы тәуелділіктерді анықтайды.

Ғалым өлеңде қолданылатын белгілі бір синтаксистік құрылымның, айталық, 11 жол 4 тармақты өлеңдердің алғашқы екі сөйлемінің параллель жай сөйлем түрінде келіп, соңғы екі сөйлемі құрмалас сөйлеммен берілуінде қандай тілдік мүмкіндік немесе артықшылықтардың бары туралы жазады. Осындай құрылым арқылы буын санының көп болуына байланысты қысқа сөйлемді немесе жайылма фразаны сыйғызуға болады. Мүмкіндігімен қатар шектеулерді де көрсетеді. Мысалы, 11 буынды тармақтарға бір ойдың сыйғанымен, эпитет секілдік көркемдеуші құралдар сыя бермейді. Соның әсерінен шығарманың көркемдік құндылығы төмендейді. Алайда бір шумақтың алғашқы екі тармағына бір ортақ субъект алып, екі тармақ бір жайылма сөйлемге айналғанда көркемдеуші құралдарды қолдануға болады. Бұл ұтымды тәсіл күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жүзеге асатынын көрсетеді [2, 74].

Р. Сыздық күрделі синтаксистік тұтастықтың жасалу тәсілдерінің ішінен параллельділік арқылы фактілерді констатациялау, өлең динамикасын, ақынның айтпақ ойын берудегі стилін өзгешелеу, логикалық ой қазығының біреулігі тәсілі арқылы портрет пен суреттеулер жасау ұтымды екенін көрсетеді [2, 69-71].

Сонымен қатар Р. Сыздық Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын талдау арқылы өлеңнің композициялық-тематикалық құрылымын анықтауға болатынын жазады. Мысалы, ғалымның тұжырымдауынша, күрделі синтаксистік тұтастық шумақсыз өлеңдерде композициялық қажеттілікті өтейді, яғни өлең композициялық-тематикалық бөліктерге бөлетін амал ретінде қолданылады [2, 97].

Осылайша Р.Сыздық Абайға ғана тән немесе Абай жиі қолданатын күрделі синтаксистік тұтастық жасау тәсілдері мен ерекшеліктерін көрсете отырып, Абайдың шумақты шашып-бөлмей, синтаксистік тұтас дүние етіп құрау принципін берік ұстанғанын көрсетеді.

Сонымен, қазақ тілі білімінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыбы енді сөз бола бастағаннан осы күнге дейінгі уақыт аралығындағы зерттеулерге жасалған шолу барысында күрделі синтаксистік тұтастықтың жасалу тәсілдерінің толыққанын байқай аламыз. Сондай-ақ күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымдық бөліктері мен стильдік қызметінің кең көлемде зерттелгендігін айтуға болады. Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай сынды ғалымдарымыздың ақын-жазушылардың шығармаларына жасаған талдаулары психологиялық портрет жасауда, белгілі бір модальдық реңкті күшейтуде, шығарманың композициялық құрылымын сауатты ұйымдастыруда, автор сөзін, кейіпкер сөзін беруде, ойдың экспрессиялық бояуын қалыңдатуда, өлеңге қажетті буын саны мен ұйқас түрін дұрыс тандауда күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметін дұрыс танып, қолдана білудің маңызын көрсетеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Т.Р. Қордабаев. Тарихи синтаксис мәселелері (XV – XVIII ғасырлар материалдары бойынша). – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.

2. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Академии наук Казахской ССР, 1971. – 179 б.
3. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің мәселелелері. – Алматы: Арда, 2016. – 488 б.
4. Серғалиев Мырзатай. Синтаксистік зерттеулер. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 392 б.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова./ – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.

ӘОЖ 378.147

## КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Жақсылық А. Е.**

[Aizhanermakhankyzy@mail.ru](mailto:Aizhanermakhankyzy@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – С.С. Шоқабаева

Әлем күн сайын емес, секунд сайын даму үстінде. Оның ішінде жаһандану заманында ғылым мен техниканың пайда болуына байланысты әлемде күн сайын жаңа сөздер мен оларға қатысты көптеген мәселелер тіл білімінің зерттеу ауқымын кеңейту үстінде. Соның ішінде қазақ тілінде де көптеген өзекті мәселелер туындауда. Ал тіл білімінің қай саласын алсақ та бір-бірімен тығыз байланысты. Оның ішінде сөзжасамның аясына кіретін күрделі сөздердің де аясы кеңейіп келеді. Тілімізге жаңадан енген және қолданысқа енген тіркесті сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер, оларды мектепте оқыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Бірақ күрделі сөздер мен оны оқыту мәселесі бүгін пайда болған мәселе емес. Күрделі сөздер туралы ХХ ғасыр басында қазақ ғалымдары өз пікірлерін білдіре бастаған болатын. А.Байтұрсынов сөз тұлғаларын түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар деп бөлді [1, 64]. Күрделі сөздер туралы мәселені алғаш сөз еткен Қ. Жұбанов болатын. Ғалым 1930 жылдары күрделі сөздер, олардың бірігуі арқылы жасалуы туралы, бірігуі арқылы жасалса да тұтас бір мағына береді деп тұжырымдаған болатын. [2,55-56-бб.]. Ал профессор Н.Т.Сауранбаев қазақ тіліндегі изафеттік топтың түрлеріне тоқтала отырып, бірінші топтың өзгешелігі – синтаксистік шеңберден шығып, морфология, оның ішінде сөз тудыру жүйесіне айналған тәсіл екенін көрсетіп, изафеттің бұл түрі қазір де тұтас бір атау болып ұғынылатынын айтқан. [3]. Біріккен сөзге А.Ермеков арнайы еңбек жазған болатын. Ғалым біріккен сөздердің сыртқы түр-тұрпаттық белгі-қасиеттеріне тоқталып өтеді. [4]. Күрделі сөздер жайында тілші-ғалым С. Исаев: «Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді дара сөз дейміз. Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай біріккен сөздер (бүгін, жаздығүні, алғысөз), қос сөздер (үлкен-кіші, аяқ-табақ), қысқарған сөздер (АҚШ, БҰҰ), тіркесті сөздер (қара торғай, қара көк) болып бөлінеді. Сөйтіп, күрделі сөздер, бір жағынан, сөз тудырудың белгілі бір жолдары (біріктіру, қосарлау, тіркестіру) арқылы жасалған жаңа сөздер болса, екінші жағынан, күрделі түбір, сөйтіп, түбірдің бір түрі болып табылады», – дейді [5, 38]. Ғалым Ғ. Әбуханов біріккен сөздердің орфографиясына қатысты пікір білдіреді. Жаңа сөз жасаудың бір амалына сөздердің бірігуін жатқызады және бұл құбылыстың тарихи құбылысқа жататынын, олардың әр түрлі сөз таптарынан болатынын ескертеді. Біріккен сөздердің сыңарлары жазу кезінде морфологиялық принциппен жазылатынын Жанпейіс (Жампейіс емес), шекара (шегара емес) көрсетеді [6, 42]. Күрделі сөздерді сөз тіркесінен ажыратуда К. Аханов мынадай пікір білдіреді: «Екпінге қарап еркін тіркес пен күрделі сөздерді ажырату мүмкін емес: асық жілік (күрделі сөз) және жуан жілік (еркін тіркес) екпіндері бірдей болса, сингармонизм заңына бағынбайтын күрделі сөздер болады» [7].